

АБАЙ ТАҒЫЛЫМЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ ҚҰЗЫРЕТІН ДАМУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Айгүл СЕЙЛХАН* филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік басқару Академиясының Шығыс Қазақстан облысы бойынша филиалының доценті, Өскемен қ., Қазақстан Республикасы, aigul_seilhan@mail.ru

<https://doi.org/10.52123/1994-2370-2020-75-4-14-22>

ӘОЖ 82.0

17.07.21

Аңдатпа. Абай мұрасы мен өнегесі заман мен қоғам өзгерсе де өзектілігін жоймаған тақырып. Ұлы ақынның «Адам бол» идеясы ғаламда адамдық пен адамгершіліктің, сабырлық пен төзімділіктің, парасаттылықтың формуласына айналып отыр. Ақын мұрасынан мемлекеттік қызметкерге тән тәртіп пен этиканы, құзыреттерді танытатын мысалдарды көптеп кездестіруге болады. Мақалада мемлекеттік қызметшілердің бірыңғай шеңберінде қарастырылатын: парасаттылық, жауаптылық, күйзеліске төзімділік, стратегиялық ойлау, ынтымақтастық және өзара іс-қимыл құзыреттері Абай шығармалары негізінде бүгінгі мемлекеттік қызметшінің көзқарасымен талданады. Зерттеу жетістіктері мен негізгі қорытындылары мемлекеттік қызметшілердің тілдік құзыреттерін дамытуға арналып жүргізілген филиалдағы эксперименттік жұмыстардың және семинар-тренингтердің нәтижесінен алынды. Абай даналығы әрбір отандасымызға үлгі.

Түйін сөздер: мемлекеттік қызметші, Абай мұрасы, құзыреттердің бірыңғай шеңбері, парасаттылық, жауапкершілік, стратегиялық ойлау, стресске төзімділік, ынтымақтастық.

JEL кодтар: I28, J20, Z13

Abstract. Abai's legacy and moral postulates have not lost their relevance today, although time and society have changed. The idea of the great poet: "Be a man" - becomes in the Universe a formula of humanity and tranquility, tolerance and prudence. In the poet's legacy, you can find many examples that demonstrate the discipline and ethics inherent in a civil servant. The article reflects the views and thoughts of modern employees: examples of the competencies put forward in the writings of the thinker that a civil servant should have are given: integrity, responsibility, stress resistance, strategic thinking, cooperation and interaction. The main outcomes and results of the research were announced in the branch at training workshops dedicated to the development of the language competences of civil servants. Abai's wisdom is an example for each of our compatriots.

Keywords: civil servant, Abai's legacy, a unified competence framework, integrity, responsibility, strategic thinking, stress resistance, cooperation

JEL codes: I28, J20, Z13

Аннотация. Наследие и нравственные постулаты Абая не утратили своей актуальности сегодня, хотя время и общество изменились. Идея великого поэта: "Будь человеком," - становится во Вселенной формулой человечности и спокойствия, терпимости и рассудительности. В наследии поэта можно встретить немало примеров, демонстрирующих дисциплину, этику, присущую государственному служащему. В статье отражаются взгляды и мысли современных служащих: приводятся примеры компетенций, выдвинутых в трудах мыслителя, которыми должен обладать государственный служащий: добропорядочность, ответственность, стрессоустойчивость, стратегическое мышление, сотрудничество и взаимодействие. Основные итоги и результаты экспериментальной работы были озвучены в филиале на семинарах-тренингах, посвященных развитию языковых компетенций государственных служащих. Мудрость Абая-пример для каждого нашего соотечественника.

Ключевые слова: государственный служащий, наследие Абая, единая рамка компетенций, добропорядочность, ответственность, стратегическое мышление, стрессоустойчивость, сотрудничество.

JEL коды: I28, J20, Z13

Кіріспе. Халқымыздың дара тұлғасы, ұлы ақыны, әлемдік философияда адамдық ұстанымдардың негізін салушы, халқының жанашыры Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы елдігіміздің бір белгісі әрі мақтанышы.

Бүгінде ақынның шығармашылығы халқымыздың ғана емес, әлемдік адамзаттың рухани қазығына айналып отыр.

Біздің ұрпақ үшін Абай мұрасы сан қилы, тіптен ғылымның әр саласынан хабардар етеді. Сондықтан болар, ақын

* Хат-хабарларға арналған автор: А. Сейлхан, aigul_seilhan@mail.ru

шығармашылығы саналы ұрпақтың зердесінде заманауи көзқарастар мен ашық сананың көкжиегінде қайта қарастырылуда. Осы ретте ел Президенті Қ.Тоқаевтың: «Абай қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырды. Оның мұрасы – парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі. Сондықтан азаматтарымыздың көзі ашық болсын десек, Абайды оқудан, ақын өлеңін жаттаудан жалықпаған жөн. Заң үстемдігін және қоғамдық тәртіпті сақтау баршаға ортақ міндет екенін ұғынған жөн. Халықтың билікке деген құрметі болмаса – елдігімізге сын. Сондықтан азаматтарға, әсіресе, жастарға мемлекетті сыйлаудың мән-маңызын түсіндіру қажет. Осы ретте тағы да Абайдың мұрасына зейін қойған абзал», *Тоқаев (2020)* - деген пікірі еліміздің әрбір азаматына ақынның шығармаларын біліп дәріптеудің қажет екендігін танытады.

Абайды қазақ халқынан бөліп қарау мүмкін емес. Оның шығармаларында қоғам, халық, мемлекет ісі, ел басқару деген ұғымдар «қазақ», «халық», «ел», «жұрт», «болыс», «ұлық», «ояз» деген сөздер арқылы өрбіп отырады. Заманауи мемлекеттік қызметшінің тілімен айтқанда «Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» келбетін, әділетті қоғам қалыптастырудың бастауын ақынның шығармаларынан тануға болады. Себебі ол өз заманының жақсылығы мен осал тұсын, ел билеу ісіндегі жанашырлық пен әділетсіздікті, парақорлық пен халық мұңын өткір тілімен жырлады.

Бүгінгі мемлекеттік қызметкерлердің Абай шығармаларын оқи отырып, оны қазақ халқының ұлы ақыны деп қана танып қоймай, оның елін сүю, халыққа қызмет ету, елдікті қадірлеу, қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысты ұлағатты сөздері мен даналығын өмірі мен қызметінде пайдаланып, терең оймен зерделеуі - *тақырыптың өзектілігін* танытады.

Абай: «Дүние – үлкен көл, заман – соққан жел» дейді, заман өткен сайын ақынды тану кезең-кезеңмен өзгеріп, әр ұрпақ өзінше таниды. Осы мақалада мемлекеттік қызметшілердің кәсіби мемлекеттік аппарат құруда халыққа қызмет ету, тиімділік, ашықтық және есептілік моделі негізінде бірыңғай құзыреттер шеңберінде сараланатын:

«парасаттылық», «жауапкершілік», «ынтымақтастық және өзара іс-қимыл», «күйзеліске төзімділік», «стратегиялық ойлау» сынды құзыреттерді мемлекеттік қызметшілердің әдеби мен нормасы негізінде Абай шығармалары арқылы талдануы *жұмыстың жаңашылдығын* көрсетеді. Мемлекеттік қызметшінің тиімді және тиімсіз мінез-құлық моделін білдіретін мінез-құлық индикаторларын негізге ала отырып ақынның өлеңдері мен қарасөздеріне талдау жүргіздік, Абай сөзін мемлекеттік қызметшінің заманауи келбетімен салыстырдық.

Негізгі бөлім. Заманауи кәсіби мемлекеттік аппаратқа қойылатын талаптарға сәйкес, бүгінде мемлекеттік қызметшілерге тән бірыңғай құзыреттердің көшбасында «Парасаттылық» тұр. Қазақ танымында «парасат», «парасатты адам», «парасатты мінез» деген ұғымдар адамның жоғары интеллектуалдық мінез-құлқын білдіреді. Түсіндірме сөздіктерде бұл атау әртүрлі анықтамаларға ие. Мысалы, психологиялық сөздікте: Парасаттылық - жеке тұлғаның қадір-қасиетін, кісілік кемелдігін, үлкен санасын білдіретін жиынтық ұғым» *Жарықбаев (2016)* - деген анықтама беріліп, жеке тұлғаның интеллектуалдық және мінез-құлық жағынан толысып, жетілгендігін, жоғары мәдениеттілігін көрсетеді.

Ал, Қазақстан Республикасының «А» және «Б» корпустарындағы мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне арналған «Негізгі және сараланатын құзыреттердің бірыңғай шеңбері және негізгі және сараланатын құзыреттер сөздігінде» «Парасаттылық – әдеп нормалары мен стандарттарын сақтау» деген сипаттамаға ие (*DMI Associates компаниясы жетекшілік ететін консорциум, 2019*).

Жоғарыда келтірілген анықтамалардың мазмұнын ұлы Абайдың кең дария ойларымен толықтыра түссек, «*Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек*» (*Құнанбайұлы, 1995*) деп көрсетеді. Өз ойымызбен түйіндесек, істейтін ісін, сөйлейтін сөзін, қабылдайтын шешімін алдымен ақыл таразысынан өткізетін, әдеби мен адамгершілігі бар адам – парасатты болмақ.

Осы ойымызды ғалым-философ Ғарифолла Есімнің пікірімен толықтырсақ:

«Нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек». Бұл құлаққа жаттанды болғанымен қолдана білгенге құнды да құнарлы тағылым. Абайдың арманы толық адам еді. Сонда ақылды адам, жүректі адам. Жүректі болғанда ол әлгі мейірімді адам деген сөз. Қайратты адам, қайратты болғанда қажымайтын, талмайтын Махамбеттер сияқты. Енді осының біреуі алға кетіп, қалғаны қалып қойса қиын болады. Осы үшеуінің үйлесімдігі өзі табиғи табылу керек. Табиғи үйлесімділік тапқан кезде ол енді толық адам. Ондай адамдардан биік-биік тұлғалар шығады. Ел басшылары шығады» (Айдаров, 2011).

Тәжірибе мен нәтижелер

Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзыреттерін анықтауда Академияның ШҚО бойынша филиалы эксперименттік жұмыстарды оқыту семинарлары мен курстарындағы пәндер мазмұнына сәйкес жүйелі түрде жүргізіп келеді. Мақаладағы

зерттеу материалдары мен қорытындылар «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет: Парасаттылық», «Жұрт алдында жария сөйлеу», «Қызметтерді басқару, шешімдер қабылдау», «Коммуникативтік менеджмент» тақырыбындағы семинар сабақтардың, тренингтердің, «Development Day» шараларының нәтижесінен алынды. Бақылау және бағалау жұмыстарын назарларыңызға ұсынамыз.


Ұлы ақынның парасат биігінен көрінетін 1894 жылы жазылған «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңінен үзіндіні талдап көрейік. Мақсат – өлең мазмұны арқылы құзыреттің бірыңғай шеңбері негізінде мемлекеттік қызметкерлердің парасаттылығын анықтау. 25 жас мемлекеттік қызметшінің (еңбек өтілі 1-7 жыл аралығы) парасаттылығына қатысты ой-өрісі бақыланды, жауаптарды саралап көрдік.

1 кесте – Абай сөзі және мемлекеттік қызметшінің Парасаттылық құзыреті

Құзырет атауы және сипаты	Лауазымдар деңгейлері	Тиімді мінез-құлықтың индикаторлары	Абай сөзі	Мемлекеттік қызметшінің Абай сөзін түсінуі, өзіндік жауабы
Парасаттылық – әдеп нормалары мен стандарттарын сақтау	Құзыреттің белгілену деңгейі (лауазымдардың 1 – 15 деңгейлері)	<ul style="list-style-type: none"> Белгіленген әдеп нормалары мен стандарттарын ұстанады және олардың бұзылуына әрекет жасайды Туралық, әділдік, риясыздық танытады, сонымен қатар жеке бас ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрметпен қарайды Әріптестерінің ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, олардың жеке және кәсіби қасиеттерін талқылауға жол бермейді Сыбайлас жемқорлыққа төзімсіздік танытады 	«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек»	<ul style="list-style-type: none"> ✓ білімді, ✓ моральдық тұрғыдан тұрақты мінез қалыптастырған; ✓ ана тілін жақсы меңгерген; ✓ АКТ сауатты; ✓ эмоционалдық тұрақты; ✓ намысшыл, ✓ адамгершілік мінез; ✓ жақсылық жасау; ✓ лас істерден аулақ болу жүру; т.б.
<i>Ескерту: Кесте «Негізгі және сараланатын құзыреттердің бірыңғай шеңбері және негізгі және сараланатын құзыреттер сөздігі» мәліметтеріне сүйене отырып құрастырылды.</i>				

Респонденттердің жауабын төмендегі диаграммаға парасаттылыққа

тән тиімді мінез-құлық индикаторларымен сәйкестендіріп орналастырдық (1-сурет).



1-сурет. Парасаттылық құзыретінің көрсеткіштері

25 тыңдаушыға ортақ жауап ретінде: білімділік, ана тілін жетік білу, күйзеліске тұрақтылық таныту, адамгершілік, әдет-нормадан аспау сынды әрекеттер басымдылық танытты. Олар мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талаптарды өте жақсы деңгейде көрсете білді. Алайда турашыл, әділ болу, жемқорлық әрекеттерден сақтануға қатысты жауаптары 60 % -ды құрағанымен, олардың әлі де еңбек өтілінің аздығы мен тәжірибенің қалыптаспай жатқандығы байқалып тұрды. Осы ретте мемлекеттік қызметкерлерге парасаттылық құзыретін дамытуға қатысты әлі де білім жетілдіру қажеттігін сезіндік. Адам бойындағы барлық жақсы қасиеттер ақылмен тоғысып, парасатқа бастамай ма?!

Абайдың толық адам бейнесін қалыптастырудағы «Ақыл-Қайрат-Жүрек»

даналығы тек парасаттың ғана пайымы емес, сонымен қатар өмірдегі азаматтық жауапкершіліктің де бағдаршамы іспетті. Бұл ойымызды Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласындағы: «Осы үш ұғымды Абай үнемі бірлікте қарастырады, бірақ алдыңғы екеуі жүрекке бағынуы керек деп есептейді. Бұл – қазақ халқының өмірлік философиясы» (Тоқаев, 2020), деген ойымен байланыстырғымыз келеді. Себебі, жауаптылықтың өзі парасаттылықта. Айтпақ ойымызды ұлы ақын он тоғызыншы ғасырдың өзінде–ақ, адамзатқа жауапкершілік деген міндетті «Күніне өзіңнен есеп ал» деген қағидамен ұсынады. Тәжірибеге тоқталайық.

Тәжірибе мен нәтижелері


2- кесте. Абай сөзі және мемлекеттік қызметшінің Жауаптылық құзыретін болжау

Құзырет атауы мен сипаты	Тиімді мінез-құлықтың индикаторлары	Абай сөзі
Жауаптылық - өз лауазымдық міндеттерін орындау үшін жауаптылық	<ul style="list-style-type: none"> өз міндеттерін сапалы және уақтылы орындайды; қолданыстағы жұмыс қағидалары мен стандарттарын ұстанады; 	Он бесінші қара сөз: «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей

	<ul style="list-style-type: none"> • өз әрекеттері, шешімдері және нәтижелері үшін жауаптылықты өз мойнына алады 	қалыппысың?» (Құнанбайұлы, 1995)
<p>Ескерту: Кесте «Негізгі және сараланатын құзыреттердің бірыңғай шеңбері және негізгі және сараланатын құзыреттер сөздігі» мәліметтеріне сүйене отырып құрастырылды.</p>		

Сауалнамаға қатысқан 25 тыңдаушының мемлекеттік қызметтегі еңбек өтілі әр түрлі. Тапсырма мақсаты - өмірдегі жауапкершілік пен қызметтегі жауапкершіліктің мәнін он бесінші

қарасөзді түсіну арқылы бағалау. Жауапкершіліктің жүгі қандай? Ақын сөзін әрқайсы өзінше түсініп, бағалай білді (2-сурет).



2-сурет. Жауапкерлік құзырет бойынша қорытынды

Диаграммада көрсетілгендей, сауалнама қорытындысы бойынша мемлекеттік қызметшілердің жауаптылық міндетін сезінуде олар өзінен есеп алып тұру керек, тапсырманы уақытымен орындау қажеттігін, уақытпен санасу қажеттігін ерекше атап көрсетеді. Осы ретте олардың жалпы өмірдегі жауаптылық құзыретін қызметтегі «орындаушылық» әрекетімен байланыстыратындығын әрі солай түсінетіндігін де байқадық. Талдау барысында олардың ерік-жігер, іскерлік, қайраттылық, табандылық, бедел, ынта, батылдылық сияқты қабілеттері мен қасиеттерін анықтадық. Сауалнама нәтижесін шығаруда қызықты жауаптар мен түсініктердің куәсі болдық: әр адам түрліше түсінгенімен, олар жауапкершіліктің қаншалықты адам өміріне қажетті мінез екендігін байқатты. Соның ішінде әлеумет, халық алдындағы жауапкерліктің мәнін толық түсіне бермейді екенбіз деген де жауаптар болды. Осы ретте мемлекеттік қызметшінің халық алдындағы жауапкершілігін: «Әлеуметтік жауапкершілік қайткенде орнына келеді? Әрине, бұл – оңай шаруа емес. Осы күрделі мәселенің шешімін Абайдың «Толық адам» формуласынан іздеген жөн. «Толық адам» деген сөз ағылшын тіліндегі «A man of integrity» түсінігіне сай

келеді. Бұл – тек өте ілкімді, өзіне сенімді, ізгілік пен жақсылыққа ұмтылатын адамдарға ғана тән сипаттама» (Тоқаев, 2020) – деген ойлардан да түсінген жөн.

Бүгінде мемлекеттік қызметшілерге тән сараланатын бірыңғай құзыреттің бірі – ынтымақтастық және өзара іс-қимыл. Ұлы ақын өз заманындағы қазақ қоғамында ынтымақтың жоқтығын әділ сынады. Тіптен «бас-басына би болған өңкей қиқым» деп, ел ішінде бүлік, алауыздық, әділетсіздіктің етек жаюы да осы ынтымақтың жоқтығы деп білді. Ұнтымақтың үлгісін «Досыңа достық – қарыз іс. Дұшпаныңа әділ бол», «Адам баласына адам баласының бәрі дос», «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп», «Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесен істің бәрі бос» (Құнанбайұлы, 1995) - деген үлкен жүректі ойларымен баяндайды.

Тәжірибе мен нәтижелері

«Development Day» шарасы аясында ақынның адамдар арасындағы достық, адал іс, ынтымақты насихаттайтын «Жігіттер, ойын арзан күлкі қымбат» өлеңін талдауға ұсындық. Тапсырманың мақсаты – өлеңнің мазмұнын мемлекеттік қызметкердің этикасымен байланыстыра түсіну. Өлшем индикаторлары негізінде ҚР мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексіндегі қызмет этикасы қағидаларын


(ҚР мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексі, 2015) басшылыққа алдық.

3 - кесте. Абай сөзі және мемлекеттік қызметшінің Ынтымақтастық және өзара іс-қимыл құзыретін болжау

Құзырет атауы, сипаты	Абай сөзі	Мемлекеттік қызметшінің этика мен нормасына сәйкестігі
Ынтымақтастық және өзара іс-қимыл - мемлекеттік органның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін, әріптестерімен, басқа мемлекеттік органдармен және ұйымдармен сындарлы өзара қарым-қатынас орната білуі	Кемді күн қызық дәурен тату өткіз, Жетпесе, біріндікін бірің жеткіз!	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Қоғамның сенімін ақтау; ✓ Қазақстан халқының салт-дәстүріне құрметпен қарау;
	Күншілдіксіз тату бол шын көңілмен, Қиянатшыл болмақты естен кеткіз!	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Адал, әділ, тату болу ✓ Адамдық қарым-қатынас қасиетін кемсітуден аулақ болу
	Бір жерде бірге жүрсең басың қосып, Біріңнің бірің сөйле сөзің тосып. Біріңді бірің ғиззәт, құрмет етіс.	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Сыпайылық, әдептілік, ✓ Берілген өкілеттіліктерді тиімді иелену ✓ Дәрекіліктен, жөнсіз мінез-құлықтан тиылу
<p><i>Ескерту: Кесте «Негізгі және сараланатын құзыреттердің бірыңғай шеңбері және негізгі және сараланатын құзыреттер сөздігі» және ҚР мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі мәліметтеріне сүйене отырып құрастырылды.</i></p>		

3 - кестеге сәйкес Абай сөзі арқылы 52 мемлекеттік қызметшінің этикасы мен тәртібі, моральдық – адамгершілік

бейнесі мен іскерлік сапаларына бақылау жүргізіп, еңбек өтілі бойынша жіктеп көрдік (3-сурет).



3-сурет. Ынтымақтастық құзыреті

Диаграммадағы көрсеткіштерге талдау жасай отырып, мемлекеттік қызметшілердің ынтымақтастық құзыретін дамытуда бірлік, татулықты сақтау, жұмысты бірлесіп орындау, тәжірибесі мен білімін әріптестерімен бөлісуге, ақпараттар алмасуға дайын сынды мінез-құлық қалыптастырғандығын байқадық.

Ұлы ақынның қай шығармасын алмаңыз, оның түпкілікті идеясы саналы өмірге және оны ойлауға, әділ өмір

сүруге талпындырады, оған «Болмасаң да ұқсап бақ» дейтін даналығы себеп. Бұны стратегиялық ойлаудың алғышарты деп білеміз.

Абайдың өмір формуласында мемлекеттік қызметшіге тән стратегиялық ойдың сан түрі баяндалады. Мысалы, оныншы қара сөзінде «Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды?», (Құнанбайұлы, 1995) - деп бақуатты

өмірдің жолын қарапайым мысалдармен түсіндіреді.

Тәжірибе мен нәтижелері


Мемлекеттік қызметшілердің стратегиялық ойлау қабілетін болжауға

ақынның «Түбінде баянды еңбек егін салған» өлеңі қолданылды. Сауалнама 105 мемлекеттік қызметші арасында жүргізілді.

4 - кесте. Абай сөзі және мемлекеттік қызметшінің Стратегиялық ойлау құзыретін болжау

Абай сөзі	Стратегиялық ойлау құзыретіне тән сипаттар
Түбінде баянды еңбек егін салған, Жасынан оқу оқып, білім алған, Би болған, болыс болған өнер емес, Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған.	- талмай еңбек ету; - жаңалықтан хабардар болу; - білімді жетілдіру; - нақты мақсаттарды көздеу; - шешім қабылдау

Жас ерекшелігі жағынан 22-30 жас аралығында 36 адам; 31-45 жас аралығында 31 адам; 46-54 жас аралығында 18 адам; 55-63 жас аралығында 20 адам қатысты.



4-сурет. Стратегиялық ойлау құзыреті

4-суреттегі көрсеткіштерге талдау жасай келе, мемлекеттік қызметшілердің ойлау жүйесінде басшы болуға, билікке ұмтылу деген талпыныстың жоғары екендігін көруге болады. Бұған 22-45 жас аралығындағы азаматтардың жауаптары басымдылық танытты. Дегенмен, баянды еңбек етуге оң көзқарастары қалыптасқанымен, жастайынан білім алуға деген құлшыныс орташа көрсеткіштерге ие. Жастардың білімнен гөрі қызметтік лауазымға тезірек қол жеткізуге ұмтылғысы келетінін тапсырма қорытындысы көрсетті.

Мемлекеттік қызметтегі саналы ғұмыр мен үлкен тәжірибе қызметшінің күйзеліске төзімділік құзыретінің мықтылығы арқылы да қалыптасады. Өзгерістерге толы біздің қоғам жүйесі тұрақты, шыдамдылығы мен төзімділігі берік адамдарды қажет етеді. Абай шығармаларынан адамның талай мінез-құлқын көреміз. Соның ішінде мемлекеттік қызметшінің «күйзеліске төзімділік» құзыретіне тән өлеңдерді

қарастырып, зерттеуімізді жалғастырып көрдік.

Ақын төртінші қара сөзінде: *«Уайым-қайғысыздыққа уайым-қайғы қылдағы, сол уайым-қайғысыздықтан құтыларлық орынды харекет табу керек, һәм қылу керек. Әрбір орынды харекет өзі де уайым-қайғыны азайтады»* (Құнанбайұлы, 1995), - дейді. Бұл - бірінші мысал.

Тәжірибе мен нәтижелері

Тапсырма мақсаты – ақынның төртінші қара сөзі мен «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап» өлеңінен үзінділерді оқи отырып, күйзеліске төзімділіктің мағынасын өз көзқарастары арқылы анықтау.


*Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме,
Қызық келсе қызықпа, оңғаққа ерме.
Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,
Сонан тапқан шын асыл, тастай көрме, -
Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Өзіңді сенгіштікпен өуре етпе,
Құмарпаз боп мақтанды қуып кетпе.
Жұртпен бірге өзіңді қоса алдасып,
Саппылдап сағым қуған бойыңа еп пе?
(Құнанбайұлы, 1995).*

5- кесте. Абай сөзі және мемлекеттік қызметшінің өмірдегі Күйзеліске төзімділік құзыретін болжау

Құзырет атауы мен сипаты	Өмірдегі әрекеттер	Абай сөзі
Күйзеліске төзімділік - адамның кез-келген қиын жағдайда өзін-өзі қолға алып аяқтан тұруы, сыртқы ортаның әсерінен болатын қиындықтармен күресе отырып өзін-өзі қорғауы, денсаулығын сақтауы, басынан өткен қиындықтарды еңсеруі, эмоционалдық төзімділік	<ul style="list-style-type: none"> ➢ Жағдайға көзқарасыңызды өзгерту; ➢ Мінез-құлықты реттеу (ақылға келу, сабырлық таныту, ұстамды болу, т.б.) ➢ Дұрыс демалу күнтізбесін құру; ➢ Басым бағыттарды жоспарлау және орындау (шешімдер қабылдау, кеңес алу); ➢ Тайм-менеджмент; ➢ Түрлі терапияларды қолдану 	<p>«Уайым-қайғысыздыққа уайым-қайғы қылдағы, сол уайым-қайғысыздықтан құтыларлық орынды hareket табу керек, һәм қылу керек. Әрбір орынды hareket өзі де уайым-қайғыны азайтады».</p> <p>Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме, Қызық келсе қызықпа, оңғаққа ерме. Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде, Сонан тапқан шын асыл, тастай көрме,</p>

Сауалнамаға қатысушылардың ұлттық белгісі бойынша қазақ және өзге ұлт өкілдері деп екі топқа жіктедік.

Қатысушы саны – 60 адам, оның 30-ы қазақ, 30-ы өзге ұлт өкілдері.



5-сурет. Күйзеліске төзімділік құзыретінің көрсеткіштері

Салыстырмалы талдау нәтижесіне сүйенсек, қазақ ұлты өкілдері арасында күйзеліске төзімділіктің бір себебіне «мінез-құлықты реттеу» деген жауаптар басым. Ал, стресстен шығудың бірден-бір жолы болып саналатын уақытты тиімді пайдалану, күнді жоспарлау сынды қажетті әрекеттер аз мөлшерде көрсетілген. Алайда стресске төзімділіктің басты қажеттілігі болып саналатын түрлі терапияларды қолдану, дұрыс демалу күнтізбесін құру сынды әрекеттерді өзге ұлт өкілдерінің көпшілігі қолдаған. Осындай жауаптардың нәтижесінен мемлекеттік қызметшілердің күйзеліске төзімділігін тек өмірде ғана емес, қызметте де қалыптастырғанын байқаймыз. Оған сабырлы мінез,

ұстамдылық, айтылған сынды байсалды қабылдау сияқты тиімді мінез-құлықтарды жатқызып, өз пікірлерін жазған.

Қорытынды мен жетістіктері

Біздің қоғамның алдыға жылжуы үшін, мемлекеттігіміздің мызғымас татулығы үшін, Тәуелсіздігіміздің баяндылығы үшін Абай мұрасы әрбір отандасымызға құнды дүние, мәңгілік елдің бағдаршамы іспетті. Ақынның әрбір шығармасына үңіле отырып адамдықтың белгісі мен елге, ұлтқа қызмет етудің берік қағидаларын терең түсінуге болады. Тәжірибеге бағытталған зерттеу жұмысының жетістіктерін Блум таксаномиясы арқылы былайша сипаттаймыз:

6-кесте. Жетістіктерді бағалау

	<p>Білу. Мемлекеттік қызметшілер ақынның шығармаларын тек әдеби көзқарас тұрғысынан қарастырып қоймай, оның кәсіби құзыреттерді дамытудағы маңызын білді.</p>
	<p>Түсіну. Абай мұрасының тұтастай қазақ қоғамымен байланыстылығын, саналы адам болу, ғибратты ғұмыр кешу, халыққа қызмет етудің әділ жолдарын, «Толық адам» бейнесі арқылы түсінді.</p>
	<p>Қолдану. Ақынның халық, қоғам, адам тақырыбына арналған шығармаларын мемлекеттік қызметшінің бірыңғай шеңберіндегі құзыреттерімен байланыстырды, саралады, тәжірибеде қолданды.</p>
	<p>Талдау. Мемлекеттік қызметшіге тән құзыреттерді Абай сөзі арқылы талдады, салыстырды. Өз болмысын түсінді. Кәсіби құзыреттердің алғышартын ақын өнегесі арқылы білуге болатындығына көзі жетті.</p>
	<p>Жинақтау. Өмірде, қызметте үлгілі болудың, адал еңбек етудің, парасаттылықтың, жалпы айтқанда мемлекеттік қызметшіге тән тиімді мінез-құлықты алыстан емес, Абайдың ұлағатты сөздерінен іздеп табуға болатындығы туралы білім қалыптастырды. Түрлі сауалнамаларда өз болмысын сынап көрді.</p>
<p>Бағалау. Абайдың адамдық философиясы күллі адамзатқа үлгі, мемлекеттік қызметшіге ой –сана, адалдық пен әділдіктің насихатшысы екендігін біліп бағалады. Қосымша рухани білім меңгерді.</p>	

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- DMI Associates компаниясы жетекшілік ететін консорциум, (2019), *Қазақстан Республикасының «А» және «Б» корпустарындағы мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне арналған «Негізгі және сараланатын құзыреттердің бірыңғай шеңбері және негізгі және сараланатын құзыреттер сөздігі»*. Астана.
- Айдаров, Д. (2011), *Діл және дәстүр*. Алматы: Дайк – пресс, 344 бет.
- Жарықбаев, Қ. (2016), *Психология. Энциклопедиялық сөздік*. Алматы: Санат.
- ҚР мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексі (2015).
- Құнанбайұлы, А. (1995), *Шығармаларының екі томдық жинағы (Т. 1)*. Алматы: Жазушы.
- Тоқаев, Қ.К. (2020), Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан. Қазақстан Республикасының Президентінің ресми сайты. <https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy>.

REFERENCES

- DMI Associates kompaniyasi zhetekshilik etetin konsorcium [Consortium by DMI Associates], (2019), «Negizgi zhane saralanatyn kyzyretterdin biringaj shenberi zhane negizgi zhane saralanatyn kyzyretter sozdigi» [Unified framework of basic and differentiated competencies and dictionary of basic and differentiated competencies]. Astana. (in Kazakh).
- Ajdarov, D. (2011), Dil zhane dastyr. [Aidarov D. The mentality and traditions]. Almaty: Daik-press. (in Kazakh).
- Zharykbaev, K. (2016), Psihologiya. Enciklopediyalyk sozdk. [Psychology. Encyclopedic dictionary]. Almaty: Sanat. (in Kazakh).
- QR memlekettik qyzmetshilerin Ar-namys kodeksi, (2015) [Code of honor of civil servants of the Republic of Kazakhstan]. (in Kazakh).
- Kunanbaiuly, A. (1995), Shygarmalarynyn eki tomdyk zhinagy [Two-volume collection of Abay's works] T.1. Almaty: Zhazushy, 1995. (in Kazakh).
- Tokayev, K. K. (2020). *Abay zhane XXI gasyrdagy Qazaqstan [Abay and Kazakhstan in the XXI century]*. Kazakhstan Respublikasinin Prezidentinin resmi saity [Official Site of the President of the Republic of Kazakhstan]. <https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy>. (in Kazakh)

THE COVENANTS OF THE GREAT ABAY AND THEIR INFLUENCE ON THE DEVELOPMENT OF THE COMPETENCES OF A PUBLIC SERVANT

Aigul SEILKHAN, Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of the branch of the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan for the East Kazakhstan region, Ust-Kamenogorsk, Republic of Kazakhstan, aigul_seilhan@mail.ru

**ЗАВЕТЫ ВЕЛИКОГО АБАЯ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА РАЗВИТИЕ КОМПЕТЕНЦИЙ
ГОСУДАРСТВЕННОГО СЛУЖАЩЕГО**

Айгуль СЕЙЛХАН, кандидат филологических наук, доцент филиала Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан по Восточно-Казахстанской области, г. Усть-Каменогорск, Республика Казахстан, aigul_seilhan@mail.ru